


*Патриотизм – ұлттық
рухтың асқақ белгісі*



БҮГІНГІ ТӘРБИЕ САҒАТЫМЫЗДЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ:

1.Ежелгі ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз-ертегілер, жырлар сыр шертеді (сұрақ-жауап)

2.Негізгі ұғымдармен жұмыс

3.

Ұлы Отан соғысындағы түрлі ұлт өкілдері
– Қазақстандық батырлардың ерліктері

Алғашқы кезең

Ежелгі ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып,
аңыз-ертегілер, жырлар сыр шертеді
(сұрақ-жауап)

1 топ

- 1.«Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген» өлеңінің авторы кім?
- 2.Қазақтың ұлттық ойындарын ата?
- 3.Қазағымыздың әйгілі үш данасын кім біледі?
- 4.Қасиетті киіз үйдің құрылысы?
- 5.Қазақтың ұлттық аспаптарын ата?

2 топ

- 1.Қазақтың үш биін ата?
- 2.Мақал, мәтел халықтың барлық өмір тәжірибелерін үлгілі, қысқа түрде айтады. Туған жер, отан, еңбек туралы қандай мақал – мәтелдер білесіздер? 3. Батырлар жырын тудыратын халық десек, батырлардың халықтық сипаттары қандай болған?
- 4.Батырлар туралы қандай жырларды білесіз?
5. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін атаңыз?

1 топ

1. Жұбан Молдағалиев.

Ханталапай, қыз қуу, бәйге, аламан күрес, көкпар, тоғызқұмалақ, асық

3. Абай, Шоқан, Ыбырай

4. Шаңырақ, уық, кереге, иіні, түндік, туырлық т.б.

5. Домбыра, қобыз, сазсырнай, дауылпаз, жетіген

2 топ

1. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би

2. «Еңбек түбі-мереке», «Ат-

ер қанаты», «Еңбегі аздың – өнбегі аз», «Туған жердің тауы ыстық», «Ер жігіт елі үшін

туады, елі үшін өледі», «Елін сүйген ер болар» т.б.

3.

Олар халықты езушілерге қарсы күрес жүргізеді, еңбек адамын азаптан, құлдықтан, ауыр өмірден құтқару үшін халықты бақытқа жеткізу үшін әрекет етеді

4. «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ертарғын батыр», «Қамбар батыр», «Ертөстік».

5. Беташар, жар-жар, түйемұрындық (ғұрып), өңір

салу (дәстүр), шаңырақ көтеру (салт), қыз ұзату (салт, той), тұсау кесу, бесік салу.

II кезең.

Негізгі ұғымдармен жұмыс

- **Патриотизм дегеніміз** – Отанға деген сүйіспеншілік, әрбір азаматтың мемлекет алдындағы

Борышын жанқиярлықпен орындау;

- **Отаншылдық патриотизм** – бұл елдікті, мемлекеттілікті саналы түрде сезіну. Мәселен, кез келген адамның өзі туып-өскен жеріне бауыр басуы, ана тілін толық меңгеріп, оған құрметпен қарауы, өз Отанының мүддесін ойлау, туған жеріне деген адалдық, өз елінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени саладағы жетістіктерін мақтан ету, өз Отанының бостандығы мен Тәуелсіздігін қорғау, ата-бабаларың мен Отанының тарихына құрметпен қарау, сондай-ақ, өзіңнің табанақы, маңдай теріңді туған еліңнің гүлденуіне арнау – бұлардың да қазақстандық патриотизм деген ұғымның ішіне сияды.

- **Әскери патриоттық тәрбие** – жас өренді Отанды қорғауға ұдайы әзір болуға моральдық және дене бітімі жағынан даярлау болып табылады. Әрбір жасөспірім жасынан «Қазақстан – менің Отаным», «Ол мен үшін жауапты болғаны сияқты мен де ол үшін жауаптымын» - деген қарапайым ойды меңгеруі керек. Әскери-патриоттық тәрбие – жас өренді Отанды қорғауға ұдайы әзір болуға моральдық және дене бітімі жағынан даярлау болып табылады.

III кезең.

**Ұлы Отан соғысындағы түрлі ұлт
өкілдері-Қазақстандық батырлардың
ерліктері**

Қазақтың қара жеріне кіндік қандары тамған қас батырларымыз Б.Момышұлы: «Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм –бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті»,деп Отанға деген сүйіспеншілік оның әрбір азаматының жүрегінен туындауы керек деп жеткізсе,Ұлы Отан Соғысының шегіне жете беріп, қаһармандықпен қаза тапқан Баубек Бұлқышев:«Адал адам Отанын сүйеді.Адал, ақ жүрекке Отан анасындай. Отанның дегенін істеу қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махабатты бізде өлшеуге болмайды»,деп жүректің пәктілігі ғана Отанды Анасындай қастерлеуге тәрбиелейтінін айтады.Отанға деген сүйіспеншілігін сөзбен емес,іспен дәлелдейбілген батырларымыз көп. Отанымыздың патриот тұлғаларға арналған бейнеролигімізді тамашалаймыз.



videoplayback.mp4